

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 2 қыркүйек N 131-ө Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 U020931_ Жарлығын (бұдан әрі - Жарлық) іске асыру мақсатында:

1. Барлық таратылған және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес тарату және қайта ұйымдастыру шараларын жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Жаңадан құрылған және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органдар: 2002 жылғы 5 қыркүйекке дейінгі мерзімде Жарлықтың 3-тармағының 3) тармақшасын іске асыру жөніндегі ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне оның 2002 жылғы 6 қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныстарын енгізуі үшін тапсырсын;

2002 жылғы 6 қыркүйекке дейінгі мерзімде өздерінің орталық аппараттарының, ведомстволары мен аумақтық органдарының штат санының лимиттері жөніндегі ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігіне е н г і з с і н ;

2002 жылғы 14 қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұл ретте Жарлықтан туындайтын ведомстволарды құру және тарату туралы нормаларды көздей отырып, тиісті мемлекеттік органдар туралы ережелерді бекіту туралы қаулылардың жобаларын белгіленген тәртіппен енгізісін;

2002 жылғы 20 қыркүйекке дейінгі мерзімде Үкіметке қолданыстағы нормативтік кесімдерді Жарлыққа сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарын енгізісін;

Жарлықты іске асыру үшін қажетті өзге де шараларды қабылдасын.

3. Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі 2002 жылғы 10

қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен осы өкімнің 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық органдары штат санының лимиттерін бекіту туралы қаулының жобасын енгізісін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК